

Казталов ауданы әкімінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 18 "Казталов ауданының, Жалпақтал ауылы аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2025 жылғы 13 қаңтардағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, 2025 жылғы 13 қаңтардағы № 4-12/1 "Казталов аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс отырысының" хаттамасына сәйкес аудан әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Казталов ауданы әкімінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 18 "Казталов ауданының, Жалпақтал ауылы аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды аудан әкімі аппаратының басшысы Н.Серікке жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Саркулов